

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

Дәріс 12. Заманауи қазақстандық қоғамдағы ислам

Дәрістің мақсаты – ислам құндылықтары мен ұлттық мәдениеттің, дін мен дәстүрдің өзара байланысы мен сабақтастығын анықтау. ҚР ҚМДБ дәстүрлі діни сананы насихаттау және қалыптастыру ісіндегі рөлін анықтау.

Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Дәстүр мен дін сабақтастығы – Қазақстандағы ислам дінінің уағыз-насихаттық қызметінің негізі;
2. Дін саласындағы тұрақтылықты сақтау бойынша ҚМДБ-ның алатын орны;
3. Қазақ ақын-жырауларының шығармашылығы және ислам.

Ислам дінінде уағыз-насихат маңызды орын алады. Уағыз айту арқылы дін қызметшілері сенім негіздері және қағидаларымен халықты таныстырады. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясына сүйенсек: «Уағыз – Ислам дінінде Алланың барлығы мен бірлігі, дін шындығы жайлы және адамдарды дінге шақыру мақсатында айтылатын насихат сөздер. Уағыз жамағаттың алдында, оның сұранысына орай белгілі бір тақырыпты ашу үшін Құран кәрім аяттарынан, ғұлама-әулиелердің сыр-сөздерімен дәлелдене отырып, баяндалады» деп анықтама берілген. Уағыз мазмұнында Аллаға құлшылық етуден бөлек, имандылыққа, ізгілікке шақыру, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу мәселелері қозғалады. Қазіргі Қазақстандағы исламның уағыз-насихаттық жұмыстардың негізі – дәстүр мен дін сабақтастығында деп айтуға болады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қоғамдағы діни сауатсыздықпен, соның салдарынан пайда болған адасушылық және діни негіздегі әр түрлі келеңсіз жағдайлармен күресу үшін халық арасында уағыз-насихаттық жұмыстар атқарады. Сондықтан біз зерттеу барысында, бүгінгі таңда, ел аумағында қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтауға үлесін қосып жатқан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тарихы мен бүгінгі жағдайына тоқталуды жөн көрдік. Ислам дінінде уағыз-насихат маңызды орын алады. Уағыз мазмұнында Аллаға құлшылық етуден бөлек, имандылыққа, ізгілікке шақыру, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу мәселелері қозғалады. Қазіргі Қазақстандағы исламның уағыз-насихаттық жұмыстардың негізі – дәстүр мен дін сабақтастығында деп айтуға болады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қоғамдағы діни сауатсыздықпен, соның салдарынан пайда болған адасушылық және діни негіздегі әр түрлі келеңсіз жағдайлармен күресу үшін халық арасында уағыз-насихаттық жұмыстар атқарады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қызметі атқару барысында бұқаралық ақпарат құралдары мен заманауи ғаламтор мүмкіндіктерін пайдалану ісіне де ерекше мән береді. Мәселен, 2000 жылы қазан айынан бастап «Ислам және өркениет» атты газет және 2002 жылдың қарашасынан «Иман» журналы шыға бастады. «Хикмет» телерадиокомпаниясы мен «Асыл арна» телевизиялық арналарында исламның негіздерімен таныстыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Ғаламтор желісінде ҚМДБ-на қарасты <http://muftayat.kz/kz> ресми сайты, www.kuran.kz, www.mazhab.kz, www.muslim.kz, www.sunna.kz, www.taglym.kz сияқты порталдар жұмыс жасайды. «Youtube» видеохостингінде ҚМДБ-ның ресми парақшасы тіркелген. Сондай-ақ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының заманауи технологияларды пайдалану тәжірибесінде әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшалармен жұмыс жасауға да ерекше мән беріледі:

«Барлығы 1,8 миллион қолданушылары бар 70-ке тарта әлеуметтік желілердегі Ислам қауымдастықтарының әкімгерлерімен қарым-қатынас орнатылды. Намаз үйренушілерге арналған қазақ және орыс тілдерінде «Намаз – діннің тірегі» атты мобильді қосымша іске қосылып, бүгінде аталмыш қосымшаны 200 мыңнан астам адам жүктеп үлгерді» деген мәлімет ҚМДБ-ның 2016 жылғы есебінде жарияланған .

Мұсылмандық ахлақ ықпалымен қалыптасқан ақын-жыраулардың мұрасындағы діни-этикалық ұғымдар туралы сөз қозғаған дінтанушы Б.Қ. Бейсенов: «Жыраулар шығармаларында адамаралық қарым-қатынастарды реттеуші құндылықтар жүйесі ислам әдебімен және ұлттық дәстүрмен үйлесімді үндеседі» деп пайымдайды [257]. Бұхар, Ақтамберді, Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған, Жиёмбет сияқты жыраулар мұрасында Аллаға құлшылық ету бірінші орында тұрады. Ақынжанды түркі халықтары үшін жыр-дастандар, қиссалар, насихат өлеңдер арқылы исламның қайнар көзіне айналды. Жыраулар ішінде Бұхар есімі баршамызға мәлім. Үш жүздің басын қосқан Абылайдың қасында жүріп, сол кезеңдегі қазақ даласындағы түрлі жағдайларды жан- жүрегімен сезіне білген жырау халыққа өзінің жыр-толғауларын арнаған.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрінің ислам дінімен сабақтастығына талдау;
2. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қалыптасу кезеңдері;
3. Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы мүфтилер қызметі;
4. Қазақ жеріндегі исламдық діни оқу орындарының қызметіне баға;

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстандағы діндер: оқу құралы / Н.Ж. Байтенова, Б.Б. Мейрбаев, А.Д. Курманалиева және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 376 б.
2. Бейсенов Б.Қ. Қазақ ойшылдары дін туралы. – Алматы, 2012. – 192 б
3. Есентемір, С. Уағыз. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – Т. 8. – 704 б.
4. Дербісәлі, Ә. Қазақстан мұсылмандарының тұңғыш құрылтайы 1906 ж. сәуірде Верныйда (Алматыда) Жетісу мұсылмандарының құрылтайы өтті // Егемен Қазақстан. – 2006. – № 137 (139). – 7 б.
5. Әбдірәсілқызы, А. Дін. Дәуір. Дәстүр: Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Баспалар үйі, 2014. – 296 б.
6. Садыков, Н.М. Казахстан и мир: социокультурная трансформация. – Астана: Елорда, 2001. – 280 с.
7. Бейсенов, Б.Қ. Қазақ руханиятындағы ислам құндылықтары: филос. ғыл. док.... дис.: 09.00.13. – Алматы, 2010. – 238 б.